



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

2018 м 18.04

Кокшетау қаласы

№ 296

город Кокшетау

### Банкроттық басқарушыны босату туралы

Қазақстан Республикасының Оңалту және банкроттық туралы Заңының 12 бабының 11 тармағына сәйкес және Б.А. Рахимжановтың 2018 жылғы 17 сәуірдегі өтініші негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бейбит Амангельдинович Рахимжанов «Масыч В.В.» ЖК 600827350454 ЖСН банкроттық басқарушысына жүктелген өкілеттіктерді орындаудан босатылсын.

2. Б.А.Рахимжанов жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға үш жұмыс күні ішінде оны тағайындалған күннен бастап құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды, сондай-ақ банкроттың банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпараты тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылауды Ақмола облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасарының м.а. А.К.Ареноваға жүктелсін.

Басшы



Т.Ошакбаев